

ӘОЖ 378.4 (574.1)
 FTAXP 03.20; 06.81.23

Хайдаров Е.Е., тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-5420-0118>

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Жәңгір хан 51, 090009, Қазақстан, esaka_78@mail.ru

Махимова Ж.Н., техника ғылымдарының магистрі, <https://orcid.org/0000-0003-0379-0274>

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Жәңгір хан 51, 090009, Қазақстан, aslzhan-90@mail.ru

Haydarov E.E., candidate of historical sciences, senior lecturer, main author, <https://orcid.org/0000-0002-5420-0118>

West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan, Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, esaka_78@mail.ru

Makhimova Zh.N., master of technical sciences, <https://orcid.org/0000-0002-5007-3262>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan», Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, aslzhan-90@mail.ru

ЖӘНГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ STAGES OF ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF JANGIR KHAN AGRARIAN TECHNICAL UNIVERSITY

ТҮЙІН

Мақалада еліміздің батыс өңіріндегі ірі аграрлық-техникалық білім ордасы - Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің қалыптасу және даму тарихы кешенді түрде зерттелген. Ауыл шаруашылық институтынан аграрлық университетке дейінгі қалыптасу кезеңіне талдау жасалды. Институттың құрылу жылдарындағы кадрларды қалыптастыру, студенттер контингентін толықтыру, оқу-материалдық базасын жасақтау, оқу-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру бағытындағы алғашқы ректорлардың, кафедра меңгерушілерінің, оқытушылардың еңбектері тарихи деректер негізінде қарастырылды. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының құрылу және қалыптасу кезеңі оқу орнының алғашқы тарихи кезеңі ретінде бағаланады. Институттың алғашқы құрылу тарихына қатысты адамдардың еңбектеріне үлкен тарихи баға беріледі.

Институтқа университет мәртебесінің берілуі, Батыс Қазақстан аграрлық университетінің қызметінің кеңеюі, Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті құрамындағы оқу орнының ролі баяндалған. Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің дербес оқу орны ретінде бөлініп шығуы, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қоғам қайраткері, реформатор және ағартушы Жәңгір ханның есімінің оқу орнына берілуі және еуропалық білім беру жүйесінің енгізілуі жөнінде мәліметтер келтірілді. Сонымен қатар Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің қазіргі кездегі даму бағыттары мен жетістіктері зерделенді.

ANNOTATION

The history of the formation and development of West Kazakhstan Agrarian-Technical University named after Zhangir Khan, a large agrarian-technical educational center in the western region of the country, is comprehensively studied in the article. The period of formation from agricultural institute to agrarian university was analyzed. The work of the first rectors, heads of departments, teachers in the direction of training of personnel, replenishment of the student contingent, development of educational material base, improvement of educational and methodological works during the years of the establishment of the institute was considered on the basis of historical data. The period of creation and formation of West Kazakhstan Agricultural Institute is considered as the first historical period of the educational institution. Great historical value is given to the works of people related to the history of the first establishment of the institute.

Granting the status of a university to the institute, expanding the activities of the West

Kazakhstan Agrarian University, and the role of the educational institution within the West Kazakhstan State University are described. Information was provided on the separation of the West Kazakhstan Agricultural and Technical University as an independent educational institution, the naming of the institution after the public figure, reformer and educator Zhangir Khan of the first half of the 19th century, and the introduction of the European education system. Also, the current directions of development and achievements of West Kazakhstan Agrarian-Technical University named after Zhangir Khan were studied.

Кілт сөздер: *Институт тарихы, ректор, факультет, декан, студент, білім беру, ғылым, тәрбие, университет, инновация*

Key words: *Institute history, rector, faculty, dean, student, education, science, education, university, innovation*

Кіріспе. Биылғы жыл Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ұжымы үшін атаулы жыл болып табылады. Өзінің тарихи бастауын 1963 жылы құрылған Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтынан алатын Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне 60 жыл толып отыр.

Тарихтың талай белестерінен өткен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті бүгінгі таңда дамудың даңғыл жолына түсіп, еліміздің өнеркәсіп орындары мен ауыл шаруашылық саласына қажетті заман талабына сай мамандар даярлайтын іргелі жоғары оқу орнына айналды. Осы уақытқа дейін оқу орнынан білім алған он мыңдаған түлектер үшін кезіндегі БҚАШИ, қазіргі Жәңгір хан университеті қасиетті қара шаңырақ, альма-матер саналады. Сонымен қатар өздерінің қызмет жолын осы білім ордасында оқытушылықтан, ғылыми қызметкерліктен бастаған жас мамандардың кәсіби дамуы мен ғылыми дәрежелерінің өсуіне жол ашты.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ғылыми-ізденіс жұмысы барысында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің архивінде сақталған құжаттарға талдау жасалынды. Мақаланы жазу барысында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің мерейтойлық кезеңдеріне арналған жинақ кітаптардағы деректер, оқу орнының ғалымдарының ғылыми мақалалары кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының барысында жүйелілік, тарихилық және шыншылдық әдістері басшылыққа алынды. Сонымен бірге ғылыми жұмыста сараптау, синтез, салыстыру, жинақтау, проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихи әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. XX ғасырдың 60-ыншы жылдарының басындағы тың және тыңайған жерлерді игеруден кейінгі Қазақстанның ауыл шаруашылық өндірісінің қарқындап дамуы және Батыс Қазақстанның бес облысының ұлан-ғайыр даласының ауыл шаруашылық өндірісін тиімді ұйымдастыру қажеттілігі саланы сәйкесінше кадрлық және ғылыми жағынан қамтуды талап етті.

Ауыл шаруашылық кадрларын даярлауды одан әрі кеңейту және жетілдіру шаралары туралы Қазақ КСР Орталық Атқару Комитетінің және Министрлер Кеңесінің 1963 жылғы 19 шілдедегі №571 қаулысына сәйкес Орал қаласында Ауыл шаруашылық институтын ашу жөніндегі Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1963 жылғы 9 тамыздағы №304-К бұйрығы шықты. Ал оны жүзеге асыру мақсатында құрылған комиссияның төрағасы, бұрынғы Қазақстан Компартиясы Орал облыстық партия комитетінің хатшысы, экономика ғылымдарының кандидаты Бисен Жұмағалиев, комиссия төрағасының орынбасары Есім Сәрсенов және басқа да тұлғалар білім ордасының алғашқы құрылу жолындағы ұйымдастырушылық жұмыстарына басшылық жасады.

Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен институт ректоры болып Дзержинский Александр Яковлевич (бұрынғы Алматы зооветеринарлық институтының ректоры) тағайындалды. Ол институттың бірінші басшысы ретінде ұйымдастырушылық жұмыстарын жүргізді.

Институт бойынша алғашқы бұйрықтардың бірімен қабылдау комиссиясының құрамы бекітілді. Оның құрамына Е.К.Ғиззатов (жауапты хатшы), А.У.Өтегенов, О.И.Савенкова, Э.Г.Габбасов, К.Е.Чебаков, М.В.Родина, Ю.М.Артемов, Х.К.Кенжеғұлов енді. Қабылдау емтихандарының қорытындысына сәйкес ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетіне

102, ветеринария факультетіне 100, агроэкономикалық факультетке 100 студент қабылданды.

Күндізгі оқу бөлімінің бірінші курсына қабылданған студенттердің арасында орта арнаулы білімі барлар және ауылшаруашылық өндірісінде тәжірибе жинақтағандар, орта және жоғары буындағы колхоз, совхоздардың бұрынғы мамандарының өкілдері де болды.

Алғашқы күндер, айлар мен жылдар институт қызметкерлері үшін қиын да сындарлы уақыт болды. Аудиториялар, оқу құралдары, оқулықтар жетіспеді. Сабақтар екі ауысымда өткізілді, студенттер бір-бірінен бірнеше шақырым қашықтықта орналасқан оқу ғимараттарына барып оқуға тиіс болды. Ұйымдастыру мерзімінің қиыншылықтарына қарамастан институт ұжымы өзіне жүктелген жауапты міндеттерді жеңе білді [1, с.13-14].

Алғашқы кафедра меңгерушілері М.В.Родина, Х.К.Қапанов, А.Я.Бакалдин, Х.С.Сағнаев, А.Р.Пигарев, А.А.Қарасаев, И.А.Оверченко, А.М.Воронова, Ш.Х.Давлетьяровтар институттың қалыптасуы мен дамуына үлес қосты.

1963 жылғы 1 қарашадағы дерек бойынша институтта 30 оқытушы, оның ішінде 4 ғылым кандидаты қызмет атқарды.

Институттың 1964 жылдың 30 сәуіріндегі №48 бұйрығымен оқу-тәрбие жұмысын жақсы ұйымдастырғаны және студенттерді лайықты даярлағандары үшін кафедра меңгерушілері Х.К.Қапанов, М.В.Родина, Н.Н.Пересветов, П.Н.Веремеенко, Н.Н.Жилтекова, факультет декандары Ю.М.Артемыевке (Ветеринариялық факультет), Х.К.Кенжеғұловқа (Ауыл шаруашылығын механикаландыру факультеті), А.А.Конкинге (Агроэкономика факультеті) алғыс жарияланды.

1964 жылдың мамыр айынан институтты Валентин Константинович Иконников басқарды. Университет ұжымы өзінің өмірінің ең жарқын жылдарын оқу орнының қалыптасуына арнаған оның есімін шынайы құрметпен және алғыс сезіммен еске алады. Оның табиғат берген ұйымдастырушылық таланты, үлкен қабілеттілігі, болашақты болжай білуі мен адамдарды таңдай білуі арқасында қысқа мерзім ішінде салауатты және ынтымақты ұжым қалыптастыруға қол жеткізілді.

1964 жылы оқытушылардан алғашқы болып Э.Т.Сатқанов және Р.Х. Мясоутов кандидаттық диссертация қорғады. Институтты профессор-оқытушылар құрамымен жабдықтау кең көлемде жалғасты, 1965 жылдың қазан айында институтта 4 факультет және 21 кафедра жасақталды.

Бұл мерзімде институтты кадрлармен қамтамасыз етуде Орал педагогика институты мен Ресей Федерациясының көрші облыстарының жоғары оқу орындары көп көмек көрсетті. Орал педагогика институтынан - У.Б.Қобланова, О.Ж.Раисов, Н.Н.Пересветов, Н.Б.Брындина, Н.П.Скачкова, Н.В.Михеева және т.б.; Саратов жоғары оқу орындарынан - А.А.Антоненко, С.Ш.Жұбаев, А.М.Лытяков, Е.А.Молчанов, Ю.Я.Бенцлер, К.М.Дүйсекенов, Б.А.Лившиц, В.Ф.Рябошқапов; Ленинградтан – Г.С.Зубков, Р.М.Рустенова; Орынбордан – Г.А.Аверьянов, А.Я.Бакалдин, И.Е.Иванов, В.А.Михайлина, Л.Н.Солдатов; Қазаннан – А.Г.Юлдашев; Волгоградтан – И.М.Фетисов, В.П.Согуренко, И.И.Нефедов, В.К.Харин; Челябинскіден – А.И.Ивановтар шақырылды.

Кафедра мен зертханалардың құрал-жабдықтармен, оқулықтармен, жиһаздармен жабдықталуының қиындықтарына қарамастан, жас ұжым барлық істе түсінушілік пен белсенділік танытып, қалыптасу кезеңінің барлық қиындықтарын жеңе білді. Ұзақ жылдар бойы факультет декандары болып Р.Х.Мясоутов, Х.К.Кенжеғұлов, Г.С.Зубков, В.Н.Слесарев, М.М.Нұралиев, В.П.Согуренко, Ю.Я.Бенцлер, В.Ф.Рябошқапов, Ш.Б.Ермекқалиев, А.Р.Рустенов секілді доценттер барлық күш-жігерін аямай қызмет атқарды [2, с.110].

1965 жылы орталығы Круглоозерный ауылында орналасқан «Фрунзе» атындағы совхоздың базасында институттың оқу-тәжірибелік шаруашылығы ұйымдастырылды. Бұл барлық факультеттердің студенттері оқу және өндірістік практикадан өте алатын ірі көпсалалы шаруашылық болды. Оқу шаруашылығының бірінші директоры болып Б.К.Бизянов (1965-1975) сайланды.

Институтта 1968 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша күндізгі оқу бөлімінде 1378 студент, сырттай оқу бөлімінде 1633 студент оқыды, 147 оқытушы жұмыс істеді, Сол жылы институттың алғашқы 226 түлегі оқуларын аяқтап, шаруашылық ұйымдарына жұмысқа жолдама алды.

Студенттер контингентінің жыл сайынғы өсуіне байланысты жаңа оқу ғимараттарын салу күн тәртібіндегі басты мәселеге айналды. Жобалау-іздеу жұмыстары 1964 жылы-ақ басталды. Ал 1967 жылдың күзінде Зашаған кентінде кешенді оқу ғимараттарының құрылысы басталып кетті. 1967 жылы құрылысшы студенттер үшін үй, жатақхана, асхана салынды. 1968-1969

жылдары студенттер жатақханалары пайдалануға берілді.

1966-1977 жылдары оқу ісі жөніндегі проректор болып, доцент Э.Т.Сатқанов қызмет атқарды. 1972 жылға дейін институттағы ғылыми жұмыстарға проректор, доцент Э.Т.Сатқанов жауапты болды. 1972-1995 жылдар аралығында ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болып профессор К.Г.Ахметов қызмет атқарды. 1996 жылдың қаңтарынан бастап университеттің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар проректоры қызметін ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Б.Б.Траисов атқарды [3, с.18-21].

Профессор, Қазақстанның аграрлық білімі мен ғылымының ірі ұйымдастырушысы Борис Петрович Шах 1975-1986 жылдар аралығында институтты басқарды. Бұл жылдары институт құрамы жас мамандармен толықты және материалдық-техникалық базасының жақсартылуына күш салынды. Оның басшылық қызметтегі ең жақсы қасиеті КСРО АШМ-мен тығыз байланыс жасауынан көрінді. Мәскеу құрылысшыларының көмегімен акт залын тұрғызу және басты мердігер орындаушыны (СМП-336) құрылыс материалдарымен үзіліссіз қамтамасыз ету мәселелерін шешуде белсенділік таныта білді. Шах басқарған кезеңде институтта типтік жобадағы студенттер қалашығының құрылысы аяқталды, оқу ғимараты, кітапхана, спорт зал, асхана, тұрғын үйлер, балабақша, ветеринарлық клиника қолданысқа енгізілді. 34 кафедрада 300-ден астам оқытушы жұмыс істеді, оның ішінде 2 ғылым докторы (В.А.Петровская, Т.А.Лозовский), 102 ғылым кандидаты мен доценттер болды.

1983 жылдан бастап институтта 7 факультет қызмет істеді: Агрономия, Зооветеринария, Ауыл шаруашылығын механикаландыру, Экономика, Сырттай оқу бөлімі, Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру факультеті, Қоғамдық мамандықтар факультеті және Дайындық бөлімі. Институт мынандай агрономия, зоотехния, ветеринария, ауыл шаруашылығын механикаландыру, экономика және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру, бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметін талдау сияқты мамандықтар бойынша мамандар даярлады. Аталған факультеттерде 5097 студент оқыды, соның ішінде күндізгі бөлімде оқығандары – 2572. Жыл сайын институтқа 875 студент қабылданды. Оқу үдерісі және оны қамтумен 725 адам шұғылданды. 20 жыл ішінде институт 6500 маман даярлады [4, 19-20 бб.].

1986 жылдың тамызынан бастап институт ректоры болып бұрынғы Целиноград ауылшаруашылығы институтының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры Николай Васильевич Шрамко тағайындалды. Ол материалдық-техникалық базасын одан әрі нығатумен айналысты. Бұл кезеңде институтта 35 кафедра пайда болып, онда 300-ден астам оқытушы жұмыс істеді, олардың 133-нің ғылыми дәрежелері мен атақтары болды. Жыл сайын оқытушылардың 20%-дан кем емес құрамы КСРО-ның жетекші жоғары оқу орындарындағы біліктілікті жетілдіру факультеттерінде өздерінің біліктіліктерін атқарды. Сонымен қатар барлық оқытушылар 5 жылда бір рет өндірісте айлық мерзімде тағылымдамадан өтті. [4, 20-22 бб.].

Институт тарихында 1989 жылы алғаш рет ректорлыққа сайлау өткізілді. Ұжымның көпшілігі Сергей Шұғаұлы Жұбаевты қолдап ректор ретінде сайлады. Кеңестік дәуірде дәстүрлікке көбірек мән берілсе, 1990 жылдардың басында еліміздің нарықтық экономикалық даму жолына түсуіне байланысты институтта бәсекелестікті қалыптастыруға, жаңа мамандықтарды ашуға, ғылыми-зерттеу бағыттарын кеңейтуге, жаппай компьютерлендіруге көшуге, халықаралық қарым-қатынастарды күшейтуге мүмкіндіктер туды. Дегенмен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтында да қиындықтардың аз болмағанын айтып кетуіміз керек. Ауыл шаруашылық мамандықтарына деген сұраныстың азаюы, профессор-оқытушылар құрамының қысқартуға ұшырауы, материалдық-техникалық базаның ескіруі, қаржыландырудың тапшылығы секілді жағдайларды атап көрсетуге болады.

Институт басшылығы жаңа мүмкіндіктерді пайдалана отырып, «Зерде» ғылыми-өндірістік орталығын, «Аманат» Орал техникалық институтын, колледждер желісін, Қазақстандық ЖОО-лардың филиалдарын құрды, «Ақжайық-1996» халықаралық көрмесін ұйымдастырды және Германия, Израиль, Ресей елдерімен тығыз байланыс орнатты.

1996 жылы 7 мамырда ҚР Үкіметінің қаулысымен Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтына университет мәртебесі берілді. Бұл жағдай Батыс Қазақстан аграрлық университеті болып қайта құрылған оқу орнының қызмет аясының кеңеюіне, өңірдегі білім мен ғылымның орталығына айналуына ықпал етті [5, 51-71 бб.].

2000 жылдары Қазақстан Республикасының білім беру саласында түбегейлі реформалар қолға алынып, жаңа заңнамалар, бағдарламалар қабылданды және оқу орындарын ірілендіру

жүзеге асырылды. ҚР Үкіметінің қаулысымен 2000 жылдың ақпанында облысымыздың үш жоғары оқу орны Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне біріктірілді.

2002 жылы 5 қарашадағы ҚР Үкіметінің қаулысымен Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті құрамынан өз алдына дербес оқу мекемесі ретінде бөлініп шықты. ҚР БҒМ бұйрығымен университет ректоры болып ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ЖҒА және Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Қ.Қ.Бозымов тағайындалды. 2003 жылы 30 мамырда Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне ХІХ ғасырдың белгілі мемлекет қайраткері, реформатор және ағартушы Жәңгір ханның есімі берілді [6, 182 б.].

2003-2005 жылдардан бастап университетте бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша алғаш рет білім беру бағдарламалары енгізілді. Оқу үдерісінде кредиттік оқыту жүйесі жүзеге асырылды. 2010 жылдың 17 қыркүйегінде университет басшылығы Болонья қаласында «Университеттердің ұлы Хартиясы» құжатына қол қойып, Болон үдерісінің толыққанды мүшесі атанды. Университет сапа саласындағы сертификаттарға ие болып, халықаралық аккредиттеуден өтті. 2012 жылдың қыркүйегінен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті шаруашылық жүргізу құқындағы РМК болып өзгертілді [4, 97-153 бб.].

2014 жылдың 13 ақпанындағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен ректордың міндетін атқару Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиевке жүктелді. 2015 жылдың сәуірінде университет ҚР ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағына ауыстырылып, 2015 жылдың тамызынан Қазақстандық агротехникалық бағыттағы жоғары оқу орындарының холдингіне кірді. 2016 жылдың 2 наурызынан Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті коммерциялық емес акционерлік қоғам болып табылады.

2017 жылдың 24 қарашасында «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ Директорлар кеңесінің отырысы хаттамасының негізінде 2017 жылдың 27 қарашасынан бастап Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті КеАҚ басқарма төрағасы-ректоры болып Наметов Асқар Мырзахметұлы тағайындалды. Бүгінгі таңда университетте басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында құрылымдық өзгерістер қолға алынды. Институттар, жоғары мектептер, орталықтар, басқармалар, департаменттер құрылды.

Университетте қазіргі уақыт талабына сай білім беру жүйесін цифрландыруға, инновациялық технологияларды қолданысқа енгізуге мән беріледі. Электронды сабақ кестесі, Moodle - электронды оқыту порталы, Platonus - автоматтандырылған ақпараттық жүйесі, Microsoft Teams, Asap -антиплагиат, Salem Office, Agrotechhub, Erasmus+ платформалары, онлайн кітапхана т.б. БҚАТУ сайты арқылы білім алушылар, оқытушылар және басқа да пайдаланушылар үшін қол жетімді. Сонымен қатар білім алушыларға бір терезе қағидаты бойынша тез әрі ыңғайлы қызмет көрсету мақсатында Студенттерге арналған қызмет көрсету орталығы ашылды.

Қазіргі таңда университетте көп деңгейлі жоғары кәсіптік білім беру жүйесі бойынша 4,5 мыңнан астам студенттер, магистранттар мен докторанттар білім алуда, оның 66 пайызы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алады.

Университетте 5 институт, 14 жоғары мектеп, 3 орталық және Әскери кафедра бар. Профессор-оқытушылар құрамы 294 адамнан тұрады, оның ішінде 128 адамның ғылыми дәрежесі бар, оның ішінде 14 - ғылым докторы, профессор, 72 - ғылым кандидаты, доцент және 42 - философия докторы (PhD).

Университеттің жоғары білімнің 17 бағыты және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 19 бағыты (оның ішінде 14 магистратура, 5 докторантура бағыты) бойынша білім беру қызметін жүргізуге лицензиясы бар. Кадрларды дайындау бойынша қолданыстағы білім беру бағдарламаларына қосымша Батыс Қазақстан экономикасының басым секторларының ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес жаңалары енгізіліп отырады. Осы бағыттар аясында 2023 жылы ЖЖОКБҰ-ның ББ реестрінде 97 білім беру бағдарламасы тіркелген, оның ішіне 47 бакалавриат, 44 магистратура, 6 докторантура.

Университетте қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту мақсатында сынақ орталығы, AGROTECH HUB, «Ақжайық» тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы, «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығы, Ихтиология және аквакультура зертханасы, «Робототехника» зертханасы жұмыс жасайды. Ғалымдар қазақтың ақбас тұқымын жетілдіру,

бекіре балықтарын тиімді өсіру, жануарлардың арасындағы жұқпалы аурулардың алдын алу, жайылымдық жерлердің сапасын арттыру, топырақтың құнарлығын жақсарту, жаңа құрылыс материалдарын шығару мәселелерімен кеңінен айналысады.

Университет ғалымдары Қ.Қ.Бозымовтың [7], Б.Б.Траисовтың [8], Е.Г.Насамбаевтың [9], А.М.Наметовтың [10], Қ.Ж.Кушалиевтің [11], С.А.Монтаевтың [12], Б.Н.Нуралинның [13] Б.Н.Насиевтің [14], М.Қ.Оңаевтың [15], Ә.С.Шәмшідінның [16], А.М.Қазамбаеваның [17], С.Ж.Рахимғалиеваның [18], Д.Қ.Тулегенованың [19], М.Ш.Шалменовтың [20] және т.б. шетелдік ғылыми журналдарда және ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында мақалалары жарияланды.

Қазіргі кезеңде университет әлемнің 23 елінің 117 жоғары оқу орнымен өзара ынтымақтастық орнатқан және жас мамандар шетел оқу орындарында тағылымдамадан өтеді. 2022 жылы 2 қарашада Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университетінің ресми өкілдігі ашылып жұмыс жасап жатыр.

Тәрбие жұмысы да университетте маңызды орын алады. Жастар бастамасын дамыту орталығы, жастар ісі жөніндегі комитет, студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы, студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдары, «Жауынгер» әскери-патриоттық клубы, «Нарын сазы» ұлттық аспаптар ансамблі, хореографиялық және вокалдық студиялар, «Жәңгір хан» спорт клубы, спорттық секциялар білім алушылар үшін қызмет жасайды. 2020 жылы «Жәңгір хан» спорт кешені пайдалануға берілді.

Қорытынды. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының алғаш құрылған жылдарындағы бірінші ректорлардың, кафедра меңгерушілері мен оқытушылардың қызметі мен оқу орнына сіңірген еңбегі тарих болып хатталып қалады. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті әртүрлі кезеңде қаншама құрылымдық өзгерістерден өтсе де, дәстүрінен, бағыт-бағдарынан, даму қарқынынан жаңылмаған тарихы терең оқу орны болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Запально-Қазақстанский аграрно-технический университет: история становления и развития [Текст]: – Уралск, 2003. – 160 с.
- 2 Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қалыптасу және өркендеу тарихы [Текст]: – Орал, 2002. – 228 б.
- 3 Запально-Қазақстанский аграрно-технический университет им. Жангирхана: история и современность (1963-2008 гг.) [Текст]: – «Туран» МКТУ им. Ясауи. –Туркестан, 2008. –244 с.
- 4 Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне 50 жыл: Жылдар. Тұлғалар. Жетістіктер (1963-2013) [Текст]: – Орал, 2013. – 346 б.
- 5 Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің архиві, Батыс Қазақстан аграрлық университеті ректорының 1995-1996 оқу жылы бойынша есебі, [Текст]: – 1996 ж., қазан. – 185 б.
- 6 Бозымов Қ.Қ., Орамах Ж. Жәңгір хан – реформатор [Текст]: Ғылыми басылым / Қ.Қ.Бозымов, Ж. Орамах. – Орал-Ақтөбе. – 2011.- 200 б.
- 7 Bozymov, K. Role of camel husbandry in food security of the republic of Kazakhstan [Text] / A. Orazov, L. Nadtochii, K. Bozymov, M. Muradova, A. Zhumayeva // Agriculture. - 2021. - Vol. 11. Iss. 7. - P. 1-10. - ISSN 2077-0472
- 8 Traisov, B. Indicators of genomic evaluation of heifers using European criteria [Text] / I. Uskova, B. Traisov, M. Baimishev, K. Baimishev, A. Vasilev // International Scientific and Practical Conference on Agriculture and Food Security - Technology, Innovation, Markets, Human Resources (FIES nov. 13-14, 2019). - Kazan: Kazan State Agrarian Univ. - 2020. T. 17.- P.1-5
- 9 Nasambaev, E. Assessment of the breeding qualities of Kazakh white-headed calves using the method of testing own productivity [Text] / E. Nasambaev, A. B. Akhmetalieva, A.E. Nugmanova, L. S. Bertileu, A. O. Doszhanova // Journal of Advanced Research in Dynamical and Control Systems. - 2020. - Vol. 12 . Iss. 7. - P. 476-481. - ISSN 1943-023X
- 10 Nametov, A.M. Analysis of the Genetic Structure of the Hereford Population Bred in Kazakhstan [Text] / A.M. Nametov, I.S.Beishova, A.M.Kovalchuk, T.V.Poddudinskaya, A.V.Belaya // Advances in Animal and Veterinary Sciences. - 2019. Special Is. 1. Vol. 7.- P.71-77
- 11 Kushaliyev, K. Zh. Testing morphological composition of inactivated vaccine against avian pasteurellosis [Text] / M. Umitzhanov, K. Zh. Kushaliyev, R. A. Amanzhol, S. G. Kanatbaev, L.B. Kutumbetov // Life Science Journal . - 2014. Vol 11(9s) .- P.363-368

12 Montayev, S. A. Collagen agent technology for foam concrete production [Text] / S.A. Montayev, B. T. Shakeshev., M. Zh. Ryskaliyev., N. B. Adilova., K. A. Narikov // ARPN journal of Engineering and Applied Sciences. - 2017. - № 5. VOL. 12.- P.1674-1678

13 Nuralin, B. N. Constructive-regime parameters of rotor-brush cleaner for tuberous roots dry cleaning [Text] / B. N. Nuralin, A. A. Bakushev, Y. M. Janaliev, M. K. Dussenov, Zh. K. Kubasheva, N. I. Omarova, V. P. Zakharov // Journal of the Brazilian Society of Mechanical Sciences and Engineering. - 2018. T. 40. - № 40:113 : Vol. 2.- P.1-7

14 Nasiyev, B. N. Adaptation of elements of sudan grass cultivation technology to the conditions of dry-steppe zone [Text] / B. N. Nasiyev, N. Zhanatalapov, V. Shibaikin, H. Yancheva // Turkish Journal of Field Crops. - 2020. Iss. 1. Vol. 25.- P.57-65

15 Ongayev, M. Underground Water Supply to Pastures [Text] / M. Ongayev, G. Ozhanov, T. Shadyarov, S. Denizbayev // International Journal of Mechanical Engineering. - 2021. Vol. 6. Iss. 3.- P.98-103

16 Shamshidin, A. Milk urea level of dairy cows in Northern Kazakhstan [Text] / A. Shamshidin, D. Aitmukhanbetov, Y. Batyrgaliyev, A. Seitmuratov // JOURNAL OF ANIMAL SCIENCE. - 2020. T. 98.- P.343-343

17 Kazambayeva, A. M. Systematic Approach to Sustainable Development in Agricultural and Food Systems - Example of Republic of Sakha (Yakutia) and the Arctic Zone [Text] / A.M. Kazambayeva, M. K. Begeyeva, K. U. Nursapina, R. Rakhmetova. - Текст : непосредственный // Problemy ekorozwolu. - 2023. Vol. 18. Iss. 1.- P.226-234

18 Rahimgaliev, S. Impact of energy saving cultivations on soil parameters in northern Kazakhstan [Text] / E. Saljnikov, A. Saljnikov, S. Rahimgaliev, D. Cakmak, M. Kresovic, V. Mrvic, T. Dzhalkuzov // Energy. - 2014. - № 4.- P.1-7

19 Tulegenova, D. K. Influence of elements of cultivation technology on yield and grain quality of winter triticale in the conditions of the Urals [Text] / L. Kh. Sukhanberdina, D.K. Tulegenova, L. T. Kaliyeva, A. Zh. Turbayev, M. K. Mussina // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science: International Scientific and Practical Conference on Improving Energy Efficiency, Environmental Safety and Sustainable Development in Agriculture: EESTE 2021 (Online 20- 24 October 2021). - 2022. Vol. 979. Iss. 117.- P.57

20 Shalmenov, M. Sh. The parasite fauna in fish from the kazakhstan portion of the caspian sea [Text] / S. S. Tokpan, G. S. Shabdarbaeva, M. Sh. Shalmenov, A. S. Ibazhanova, O. S. Akibekov, A. I. Balgimbayeva // AACL Bioflux. - 2020. Vol. 13. Iss. 6.- P.3251-3258

REFERENCES

1 Zapadno-Kazahstanski agrarno-tehnicheski universitet: istoriya stanovleniya i razvitiya [Tekst]: – Uralsk, 2003. – 160 s.

2 Batys Qazaqstan memlekettik universitetinin qalyptasu zhane urkendeu tarihy [Tekst]: – Oral, 2002. – 228 b.

3 Zapadno-Kazahstanski agrarno-tehnicheski universitet im. Zhangir hana: istoriya i sovremennost (1963-2008 gg.) [Tekst]: - «Turan» MKTU im. Yasau. - Turkestan, 2008. – 244 s.

4 Zhangir han atyndagy Batys Qazaqstan agrarlyq-tehnikalyq universitetine 50 zhyl: Zhyldar. Tulgalar. Zhetistikter (1963-2013) [Tekst]: – Oral, 2013. – 346 b.

5 Zhangir han atyndagy Batys Qazaqstan agrarlyq-tehnikalyq universitetinin arhivi, Batys Qazaqstan agrarlyq universiteti rektorynyn 1995-1996 oqu zhyly boiynsha esebi, [Tekst]: – 1996 zh., qazan. – 185 b.

6 Bozymov Q.Q., Oramah Zh. Zhangir han – reformator [Tekst]: Gylymi basylm / Q.Q.Bozymov, Zh. Oramah. – Oral-Aqtube, 2011.- 200 b.

7 Bozymov, K. Role of camel husbandry in food security of the republic of Kazakhstan [Text] / A. Orazov, L. Nadtochii, K. Bozymov, M. Muradova, A. Zhumayeva // Agriculture. - 2021. - Vol. 11. Iss. 7. - P. 1-10. - ISSN 2077-0472

8 Traisov, B. Indicators of genomic evaluation of heifers using European criteria [Text] / I. Uskova, B. Traisov, M. Baimishev, K. Baimishev, A. Vasilev // International Scientific and Practical Conference on Agriculture and Food Security - Technology, Innovation, Markets, Human Resources (FIES nov. 13-14, 2019). - Kazan: Kazan State Agrarian Univ. - 2020. T. 17.- P.1-5

9 Nasambaev, E. Assessment of the breeding qualities of Kazakh white-headed calves using the method of testing own productivity [Text] / E. Nasambaev, A. B. Akhmetalieva, A. E. Nugmanova, L. S. Bertileu, A. O. Doszhanova // Journal of Advanced Research in Dynamical and Control Systems. - 2020. - Vol. 12 . Iss. 7. - P. 476-481. - ISSN 1943-023X

- 10 Nametov, A.M. Analysis of the Genetic Structure of the Hereford Population Bred in Kazakhstan [Text] / A.M. Nametov, I.S.Beishova, A.M.Kovalchuk, T.V.Poddudinskaya, A.V.Belaya // *Advances in Animal and Veterinary Sciences*. - 2019. Special Is. 1. Vol. 7.- P.71-77
- 11 Kushaliyev, K. Zh. Testing morphological composition of inactivated vaccine against avian pasteurellosis [Text] / M. Umizhanov, K. Zh. Kushaliyev, R. A. Amanzhol, S. G. Kanatbaev, L. B. Kutumbetov // *Life Science Journal* . - 2014. Vol 11(9s) .- P.363-368
- 12 Montayev, S. A. Collagen agent technology for foam concrete production [Text] / S. A. Montayev, B. T. Shakeshev., M. Zh. Ryskaliyev., N. B. Adilova., K. A. Narikov // *ARPN journal of Engineering and Applied Sciences*. - 2017. - № 5. VOL. 12.- P.1674-1678
- 13 Nuralin, B. N. Constructive-regime parameters of rotor-brush cleaner for tuberous roots dry cleaning [Text] / B. N. Nuralin, A. A. Bakushev, Y. M. Janaliev, M. K. Dussenov, Zh. K. Kubasheva, N. I. Omarova, V. P. Zakharov // *Journal of the Brazilian Society of Mechanical Sciences and Engineering*. - 2018. T. 40. - № 40:113 : Vol. 2.- P.1-7
- 14 Nasiyev, B. N. Adaptation of elements of sudan grass cultivation technology to the conditions of dry-steppe zone [Text] / B. N. Nasiyev, N. Zhanatalapov, V. Shibaikin, H. Yancheva // *Turkish Journal of Field Crops*. - 2020. Iss. 1. Vol. 25.- P.57-65
- 15 Ongayev, M. Underground Water Supply to Pastures [Text] / M. Ongayev, G. Ozhanov, T.Shadyarov, S. Denizbayev // *International Journal of Mechanical Engineering*. - 2021. Vol. 6. Iss. 3.- P.98-103
- 16 Shamshidin, A. Milk urea level of dairy cows in Northern Kazakhstan [Text] / A. Shamshidin, D. Aitmukhanbetov, Y. Batyrkaliyev, A. Seitmuratov // *JOURNAL OF ANIMAL SCIENCE*. - 2020. T. 98.- P.343-343
- 17 Kazambayeva, A. M. Systematic Approach to Sustainable Development in Agricultural and Food Systems - Example of Republic of Sakha (Yakutia) and the Arctic Zone [Text] / A. M. Kazambayeva, M. K. Begeyeva, K. U. Nursapina, R . Rakhmetova. - Текст : непосредственный // *Problemy ekorozwolu*. - 2023. Vol. 18. Iss. 1.- P.226-234
- 18 Rahimgalieva, S. Impact of energy saving cultivations on soil parameters in northern Kazakstan [Text] / E. Saljnikov, A. Saljnikov, S. Rahimgalieva, D. Cakmak, M. Kresovic, V. Mrvic, T. Dzhalankuzov // *Energy*. - 2014. - № 4.- P.1-7
- 19 Tulegenova, D. K. Influence of elements of cultivation technology on yield and grain quality of winter triticale in the conditions of the Urals [Text] / L. Kh. Sukhanberdina, D.K. Tulegenova, L. T. Kaliyeva, A. Zh. Turbayev, M. K. Mussina // *IOP Conference Series: Earth and Environmental Science: International Scientific and Practical Conference on Improving Energy Efficiency, Environmental Safety and Sustainable Development in Agriculture: EESTE 2021 (Online 20- 24 October 2021)*. - 2022. Vol. 979. Iss. 117.- P.57
- 20 Shalmenov, M. Sh. The parasite fauna in fish from the kazakhstan portion of the caspian sea [Text] / S. S. Tokpan, G. S. Shabdarbaeva, M. Sh. Shalmenov, A. S. Ibazhanova, O. S. Akibekov, A. I. Balgimbayeva // *AACL Bioflux*. - 2020. Vol. 13. Iss. 6.- P.3251-3258

РЕЗЮМЕ

В статье всесторонне исследуется история становления и развития Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана, крупного аграрно-технического учебного центра в западном регионе страны. Проанализирован период становления от сельскохозяйственного института до аграрного университета. На основе исторических данных рассмотрена работа первых ректоров, заведующих кафедрами, преподавателей в направлении подготовки кадров, пополнения студенческого контингента, развития учебно-материальной базы, совершенствования учебно-методической работы за годы становления института. Период создания и становления Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института оценивается как первый исторический период учебного заведения. Большую историческую ценность придают трудам людей, связанных с историей создания института.

Подробно описаны присвоение институту статуса университета, расширение деятельности Западно-Казахстанского аграрного университета, роль учебного заведения в составе Западно-Казахстанского государственного университета. Приведены сведения о выделении Западно-Казахстанского аграрно-технического университета в самостоятельное учебное заведение, присвоении вузу имени общественного деятеля, реформатора и просветителя Жангир хана первой половины XIX века, введении европейской системы обучения. Также были изучены современные направления развития и достижения Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана.